

Үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орындар белгілеу туралы

Батыс Қазақстан облысы Тасқала ауданы әкімдігінің 2019 жылғы 28 мамырдағы № 125 қаулысы. Батыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 30 мамырда № 5691 болып тіркелді.

Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 қыркүйектегі "Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Конституциялық заңына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына сәйкес аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Тасқала аудандық сайлау комиссиясымен (келісім бойынша) бірлесіп барлық кандидаттар үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орындар осы қаулының қосымшасына сәйкес белгіленсін.

2. Ауылдық округтер әкімдері үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін белгіленген орындарды стендтермен, тақталармен, тұғырлықтармен жарактандырсын.

3. Тасқала ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 17 наурыздағы № 71 "Үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орындар белгілеу туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3468 тіркелген, 2014 жылғы 15 сәуірде "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) қаулысының күші жойылды деп танылсын.

4. Тасқала ауданы әкімі аппаратының басшысы осы қаулының әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде және бұқаралық ақпарат құралдарында оның ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімі аппаратының басшысы Қ.Нурекешевке жүктелсін.

6. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

"КЕЛІСІЛДІ"

Тасқала аудандық
сайлау комиссиясының төрағасы

_____ А.Ғ.Нұрмақов

22 мамыр 2019 ж.

Тасқала ауданы әкімдігінің
2019 жылғы 28 мамырдағы № 125
қаулысына
қосымша

Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда - Батыс Қазақстан облысы Тасқала ауданы әкімдігінің 02.10.2023 № 200 қаулысымен (оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

№	Елді мекеннің атауы	Үгіттік баспа материалдарын орналастыру орындары
1	Ақтау ауылы	Ауылдық мәдениет үйі ғимаратының алды; "Ақтау ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі ғимаратының алды
2	Ақкүтір ауылы	Ақкүтір көшесі №14 үйдің алды
3	Қараой ауылы	Комсомольская көшесі №2 үйдің алды
4	Амангелді ауылы	Ауылдық мәдениет үйі ғимаратының алды
5	Бірінші Шежін ауылы	"Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының Тасқала ауданы білім беру бөлімінің "Бірінші Шежін бастауыш мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі ғимаратының алды
6	Достық ауылы	Фельдшерлік акушерлік пункт ғимаратының алды; ауылдық мәдениет үйі ғимаратының алды
7	Бастау ауылы	"Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының Тасқала ауданы білім беру бөлімінің "Бастау бастауыш мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі ғимаратының алды
8	Ынтымақ ауылы	"Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасының Тасқала ауданы білім беру бөлімінің "Ынтымақ бастауыш мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі ғимаратының алды
9	Атамекен ауылы	"Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының Тасқала ауданы білім беру бөлімінің "Атамекен" мектеп-бөбекжай-балабақша кешені коммуналдық мемлекеттік мекемесі ғимаратының алды; "Қазақстан ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі ғимаратының алды
10	Қалмақ-Шабын ауылы	Ауылдық кітапхана ғимаратының алды

11	Тасқала ауылы	Тасқала ауданы әкімдігі мәдениет тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің "Тасқала аудандық мәдени-демалыс орталығы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны ғимаратының алды; "Тасқала аудандық спорт клубы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны ғимаратының алды; Шамов және Абай көшелерінің қиылысында; "Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының Тасқала ауданы білім беру бөлімінің "Ы.Алтынсарин атындағы жалпы орта білім беретін мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі ғимаратының алды; "Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының Тасқала ауданы білім беру бөлімінің "Қ.Сәтбаев атындағы жалпы орта білім беретін мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі ғимаратының алды; "Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының Тасқала ауданы білім беру бөлімінің "Бөбек" бөбекжайы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны ғимаратының алды
12	Бірлік ауылы	"Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының Тасқала ауданы білім беру бөлімінің "Бірлік негізгі орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі ғимаратының алды
13	Оян ауылы	Ауылдық мәдениет үйі ғимаратының алды
14	Кеңжайлау ауылы	Кеңжайлау көшесі № 9 үйдің алды
15	Мереке ауылы	Ауылдық мәдениет үйі ғимаратының алды
16	Мерей ауылы	Ауылдық мәдениет үйі ғимаратының алды
17	Айнабұлақ ауылы	"Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының Тасқала ауданы білім беру бөлімінің "Айнабұлақ негізгі орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі ғимаратының алды

18	Тоғайлы ауылы	Ауылдық мәдениет үйі ғимаратының алды
19	Екінші Шежін ауылы	Ауылдық мәдениет үйі ғимаратының алды

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК